

нередко принимают специальные постановления, направленные на реализацию намеченных в посланиях законодательных мероприятий.

Всё сказанное свидетельствует о значительной роли, которую играют послания Президента не только в политическом, но и в правотворческом процессе. Акты Президента играют важную роль в системе государственного управления, что определяется конституционно-правовым статусом главы государства, его функциями и полномочиями, а так же кругом общественных отношений, участником которых он является. Многообразие полномочий главы государства определяет и видовое разнообразие актов главы государства.

Список литературы:

1. Малько А.В. Теория государства и права Теория государства и права [Текст] : учеб.пособие /МалькоА.В. - М. : Юристь, 2001. - 300с.
2. Конституция Республики Казахстан от 30.08.1995 г.
http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution
3. Конституционный закон Республики Казахстан от 26.12.1995 г. «О президенте Республики Казахстан» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1004068#pos=128;-60
4. Конституционный закон Республики Казахстан от 16.10.1995 г. «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1003961
5. Закон Республики Казахстан от 6.04.2016 г. «О правовых актах».
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37312788

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІ БӨЛУДІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғалы Ж.О., заң ғылымдарының манисстрі, аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарғанды мемлекеттік университеті

Оралбаев Н.К., заң ғылымдарының манисстрі, аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарғанды мемлекеттік университеті

Бүгінде мемлекеттік билік институттары тиімді ұйымдастыру және бақылау қағидасы ретінде танылған билікті жіктеу негізінде құрылады. Біртұтас мемлекеттік билікті дербес заң шығару, атқару және сот тармақтарына жіктеу – мемлекеттегі саяси биліктің нысанын анықтайтын саяси-құқықтық қағидалардың бірі, әрі мемлекетті демократиялық және құқықтық деп танудың басты өлшемі.

Басбұзарлыққа қарсы тұру, күштеуді шектеу, қоғамдық өмірді барынша тиімді ұйымдастыру құралдарын іздестіру, құқықты биліктік қатынастар нысаны ретінде бекіту барысында ежелгі дәуірден бастап жаңа дәуірге дейінгі ойшылдар құқықтық мемлекет, конституционализм, заң жоғарылығы, азаматтар теңдігі, адам құқықтары мен бостандықтары, демократия, азаматтық қоғам, билікті жіктеу туралы көзқарастар жүйесін қалыптастырды. Философтар мен мемлекеттік қайраткерлер билік құрылысын анықтауға тырысты, оның күрделі құрылымын бейнеледі.

Биліктің жіктелу теориясының ұзақ тарихи даму жолы бар. Мемлекет әрекетінің әр түрлі жақтары туралы ой қозғаулар Ежелгі Египет пен Вавилонның құқықтық ескерткіштерінде, ежелгі грек ойшылдары Платон мен Аристотель еңбектерінде, орта ғасырларда Марсилий Падуанский еңбектерінде байқалды.

Платон мемлекетті біртұтас құбылыс ретінде қарастырады, ол философтар мен билеушілерден, әскерилер мен жұмыскерлерден құралады деп санайды. Олардың әрқайсысы өзіне берілген салада полистің қажеттігін қамтамасыз ету үшін бір-біріне кедергі келтірмей қызмет етуі қажет, яғни еңбек бөлінісі танылады. Қоғамның осындай дәрежесі мемлекеттегі үйлесімдікке әкеледі, қоғамдағы еңбектің бөлінуі идеалды мемлекет қалыптастырудың негізі болады деп санайды.

Ұлы ойшылдың негізгі көзқарастарына тоқталсақ: олар басым түрде мемлекеттің біртұтастығын негіздеуге арналады. Заң міндеті бір әлеуметтік топқа емес, тұтас мемлекеттің игілігіне қызмет ету. Бостандық жеке адамдарға емес, қоғамға қажет, сондықтан жаппай бостандықты негіздеу керек. Қоғамның топқа бөлінуінің себебі – адамдардың табиғи теңсіздігі. Идеалды мемлекетте топтар арасында еңбектің бөлінуі олардың арасында биліктің бөлінуін білдірмейді. Мемлекеттік билік арнайы дайындалған, мемлекетті басқаруда даналыққа қол жеткізген, аристократия табынан шыққан

бір қолда болуы қажет. Мемлекеттілік әділ заңдар үстемдік еткен жерде ғана болуы мүмкін [1; 12]. Заң қорғаушысы - соттар. Кез-келген мемлекетте соттар тиісті орында болмаса, ондай мемлекет өз билігін жоғалтады.

Аристотель ойы бойынша, саяси құрылымның алуандылығы мемлекеттің ерекшеленген бөліктерден тұратын күрделі организм екендігін көрсетеді. Аристотель мемлекет құрылымының үш элементін жіктейді: ерікті азаматтардың барлығы қатысуға тиісті «заңдық кеңесу» билігі, үкімет билігі және сот билігі. «Заңдық кеңесу» билігі әрекетінің бір саласы жалпыға міндетті акт ретіндегі заңдарды қабылдау деп санады. Әрбір заң өз негізінде құқықты қарастырады, әрі жүйелі құрылған мемлекетте құқық басымдылығы болуы қажет. Заң қабылдаудан басқа биліктің бұл тармағы соғыс жариялау, бітім жасасу, өлім жазасын беру, мүлікті тәркілеу, қуып жіберу туралы мәселелерді шешеді. Мемлекетті ұйымдастыруда заң қабылдайтын ерекше элементті ажырату билік көріністерін әрі қарай жіктеуге негіз болады. Аристотель «кеңесу» билігі ретінде ежелгі грек халық жиналысын қарастырады, бұл қазіргі мемлекеттердің заң шығару органдарын демократиялық дәстүрлерді жалғастырушы ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Заңның барлық биліктен үстем болуы мемлекеттің құқықтық жолмен дамуының кепілі. Аристотель мемлекеттік билік тармақтары арасында «заңдық кеңесу» органына басымдық береді. Үкіметтік басқару органдары заңға бағынышты, екіншілік сипатта, олардың шығарған декреттерінің заңдық күші болмайтындығын көрсетеді. Сот органдарын тек сайлау жолымен ұйымдастыру қажеттігін айтады [2; 13].

Италияндық мемлекет танушы Марсилий Падуанский (XIV ғ.) заң шығару билігін құрамында сот билігі де болатын үкіметтік немесе атқару билігінен ажыратып қарастырады. Бұндай көзқарасқа билікті дуалистік түсіну, билік субъектілері ретінде халық пен монархты тану негіз болады. Халық жоғарғы билікке, заң шығару билігіне, монарх – атқару билігіне ие деп санайды. Теріс әрекеті үшін монарх жазаланып, биліктен айырылуы мүмкіндігін қарастырады. Марсилий Падуанский алғашқылардың бірі болып заң шығару және атқару билігін бөліп қарайды [2; 14].

Жоғарыда аталған авторлардың еңбектерінде билікті жіктеу қажеттігі туралы алғашқы ойлар тұжырымдалса, ал XVIII ғасырдан бастап буржуазия өкілдерінің феодалдық абсолютизмге қарсы күресінің нәтижесінде билікті жіктеу теориясы Дж.Локк, Ш.Л.Монтескье, Т.Гоббс, Ж.Ж.Руссо, И.Кант, Г.В.Ф.Гегель еңбектерінде қалыптастырылады.

Осы кезеңде қалыптаса бастаған буржуазия өкілдері монарх билігін шектеу мақсатында мемлекеттік билікті заң шығару - парламент, атқару – монарх және сот тармақтарына бөлу қажеттігі туралы пікірлерін негіздей бастайды. XVIII ғасырдағы ағылшын ойшылы Джон Локктың көзқарасы бойынша құқықтың басымдығы идеясы табиғи құқыққа сәйкес келетін және индивидтің ажырағысыз табиғи құқықтар мен бостандықтарын танытын заң жоғарылығы болатын, әрі билік бөлісу жүзеге асырылған мемлекет түрінде көрінеді. Құқық жоғарылығы танылған осындай мемлекетті ол басқа барлық басқару түрлеріне қарсы қояды, оларды деспоттық мемлекеттер ретінде таниды. Локк танымы бойынша деспотизмге қарсы тұратын арнаулы конституциялық механизм болуы шарт, оның маңызды компоненттері ретінде биліктің жіктелу қағидасы мен заңдылық қарастырылады. Билікті бір қолға шоғырландыруды болдырмау мақсатында Локк заң шығару және атқару биліктерін біріктірмеуді және заңгерлерді өздері қабылдаған, атқару билігімен жүзеге асырылатын заңдардың әрекетіне бағындыруды ұсынады [3; 86]. Аталған ой кейінгі кезеңдері саяси ойлар жүйесі мен практикаға барынша ықпал етіп, құқықтық мемлекеттіліктің негізгі қағидаларының біріне айналды. Джон Локк билікті бөлісу ілімінде мемлекеттік билік қызметтерін жіктеу таза ұйымдастырушылық-техникалық сипатта емес, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажет екендігін баса көрсетеді. Заң шығару билігі заңдарды белгілі бір мезгілде қабылдайды, бірақ заңдар тұрақты, үздіксіз әрекет етеді. Атқару билігі үкімет актілерін қабылдайды, үнемі, тұрақты әрекет етеді. Заңдар азаматтармен жиындарда қабылданады. Атқару билігі тиісті органдар арқылы әрекет етеді. Атқару билігін жүзеге асыратын орган соғыс жариялау, бітім жасасу, басқа мемлекеттермен шарттарға отыру құқығына ие. Өз әрекетінде күшке сүйенеді. Атқару билігінің тағы бір басымдылығы – ол қоғамды және азаматтарды тек заңда көрсетілген жағдайларда ғана емес, сондай-ақ онда көрсетілмеген төтенше оқиғалар барысында да, кейде тіпті заңға қарамастан қорғау шараларын қабылдауға тиісті. Атқарушы орган заңдық жиынды шақырады және таратады. Заң шығару билігі дербес те, қалғандары бір органмен жүзеге асырылады деп санайды Дж.Локк [3; 72].

Биліктің жіктелуі туралы жаңа көзқарастар XVIII ғасырдағы француз құқықтанушысы Ш.Л.Монтескьенің еңбектерінде жүйелі түрде орын алды. Оның көзқарасы бойынша саяси бостандық барлық қатынастар құқықпен реттелетін және заңдар билеушілердің еркінен үстем тұратын мемлекетте ғана мүмкін болмақ. Монтескье тұжырымдамасында бостандықтың өлшемі

ретінде тұрақты түрде құқық танылады да, ал құқықтың үстемдігі биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына жіктелуі арқылы қамтамасыз етілетіндігі айтылады, нәтижесінде «әр түрлі билік тармақтары бір-бірін өзара тежеп отырады.» [4; 290]. Биліктің бөлінуі және өзара тежеу саяси бостандықтарды қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады.

Заң шығару билігі жалпы тәртіп бойынша барлық халыққа берілуі қажет: бірақ оны үлкен мемлекеттерде жүзеге асыру мүмкін емес, ал кіші мемлекеттерде қиын, сондықтан өкілдік жүйесі енгізілуі керек. Халық өкілдері жалпыға бірдей дауыс беру негізінде округтерден сайланады да, өз жерінің қажеттілігін ескере отырып, бірлескен шешім шығарады. Заң шығару билігі басқа билік тармақтарына кедергі келтірмеу үшін атқару билігінің басшысы veto қою құқығына ие болады. Нәтижесінде биліктер бір-біріне бағынбайтын, бірақ өзара тығыз байланыста және келісімде болатын жағдай қалыптасады [4; 298].

Үш билік тармақтары арасында басымдылығымен сипатталатын біреуінің болуын жоққа шығаратын Монтескье схемасы биліктің бөлінуіне алдымен ұйымдастырушылық-құқықтық көзқарасты бейнеледі, сөйтіп мемлекет пен мемлекеттік биліктің әлеуметтік табиғаты туралы мәселені көтермеген тәрізді болып көрінеді. Шын мәнінде Монтескье қоғамда әр түрлі әлеуметтік топтар арасында билік үшін күрестің үнемі жүретіндігін, оның азаматтардың бостандығы мен қауіпсіздігінің бұзылуына, мемлекет нысанының өзгеруіне, кейде тіпті мемлекеттің жойылуына әкеліп соғатындығын білді. Осындай жағымсыз нәтижелерді болдырмау мақсатында ол әр түрлі әлеуметтік күштер арасында билікті бөлуді ұсынды.

Монтескьенің билікті жіктеу теориясы – мемлекеттегі еңбекті саяси бөлу ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік күштердің арақатынасын реттеу құралы. Оның басты сипірген еңбегі – билікті бөлуді алғаш рет мемлекет Конституциясымен байланыстырады.

Жан-Жак Руссо көзқарастарына байланысты заң шығару билігі барлық азаматтар қатысатын халық жиынына беріледі, бұл кезде басқа билікке орын жоқ. Заңдарды орындау жалпы ережелерді нақты жағдайларға қолдану ретінде үкіметке – атқару билігіне тапсырылады. Үкімет халыққа бағынышты, бірақ оның жеке мүшелеріне билік етеді.

Руссо идеалы он мыңға тарта халқы бар мемлекетпен байланысты. Өкілдікті ол жоққа шығарған. Атқару билігі тек заң шығарушының құралы деп санаған.

Иммануиль Кант билікті жіктеуді мемлекеттік билік идеясынан логикалық қажеттілікпен шығатын сананың қатаң талабы ретінде қарастырған. Заң шығару, атқару және сот биліктері дербес субъект болса да, жиынтығында бір тұлға - мемлекет құрады. Құқықтық мемлекет қағидасы ретіндегі билікті жіктеу сананың талабы және өмірді практикалық ұйымдастыру мақсаты [5; 72].

Г.В.Ф.Гегель бостандық идеясы билікті тиісті бөлу (заң шығарушы, үкімет, мемлекет басшысы) жағдайында ғана жүзеге асады деп есептеді. Билікті жіктеу көпшілік бостандығының кепілі қызметін атқарады, бассыздыққа, құқықсыздыққа, құқықтан тыс күш қолдануға қарсы тұрады [6; 187].

Биліктің жіктелуі теориясын тұжырымдаған аталған ғалымдардың көзқарастары кейінгі кезеңдегі құқықтық мемлекеттілік туралы теориялық бастауларға ғана ықпал етіп қана қойған жоқ, сонымен бірге ерте буржуазиялық конституциялық заңдар жүйесінің қалыптасуына және мемлекеттік-құқықтық практикаға да үлкен әсерін тигізді. Алғаш рет теориялық тұжырымдамалар заңда 1787 жылғы АҚШ Конституциясында көрініс тапты. Бұнда халықтың егемендігін жариялаумен қатар, мемлекеттік органдардың өкілеттігін бөлу жолымен билікті ұйымдастырушылық-құқықтық жіктеу енгізілді, әрі ол «тежеу және қарсы салмақ көрсету жүйесімен» толықтырылды. Бұның ықпалы француздық 1789 жылғы Адам және азамат құқықтары декларациясында да анық көрінді. «Құқықтарды пайдалану қамтамасыз етілмеген және билік жіктеу жүргізілмеген қоғамның Конституциясы болмайды.»-деп жазылады Декларацияның 16 бабында. Билікті жіктеу концепциясы батыс демократиясы конституцияларын қалыптастыру және мемлекеттік аппаратты құрылымдық бекіту барысында басқарушы бастау қызметін атқарды.

Бүгінгі заманда да мемлекеттік билік институттары тиімді ұйымдастыру және бақылау қағидасы ретінде танылған билікті жіктеу негізінде құрылады.

Кеңестер мемлекетінде қолданылмақ тұрмақ, зерттеуге тыйым салынған билікті жіктеу теориясы батыста гүлдене дамып, қанатын жая бастады. Конституциялық құқық доктриналарына сәйкес мемлекеттік билік органдары ретінде тек мемлекеттің негізгі орталық органдары танылды. Заң шығару билігі парламентке, атқару билігі президент пен үкіметке, сот билігі соттарға берілді. Жалпы күзіреттегі жергілікті сайланбалы органдар билік органы ретінде емес, жергілікті өзін-өзі басқару органдары ретінде қарастырылады. Сондықтан да билік бөлу мәселесі тек орталық органдардың арасында ғана көтеріледі.

Биліктің жіктелуі жеке тұлғаның ар-ожданы құрметтелетін, еркіндіктер кепілдендірілген конституциялық құқықтық мемлекеттің қажетті көрінісі ретінде айтылады. Бұл мемлекеттік өмірді конституцияландырудың, оны тиімді етудің, тұрақтандырудың, шектеу мен бақылаудың негізгі ұйымдастырушылық бастауы. Қағиданың негізгі маңызы – адамдардың бірлескен ұйымдасқан әрекетін реттеу және қолдау, олардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметтерді тиісінше анықтау және өзара бағындыру, оларды жүзеге асыратын органдардың құзіретін теңдестіру, сондай-ақ саяси күштердің белгілі бір теңдігіне ықпал ету. Бұның бәрі мемлекеттік биліктің өзінің біртұтастығына әкеліп соғуы тиіс [7; 26].

Қазіргі кезеңде биліктің бөліну теориясы жаңа қырынан қарастырылып, сараптаудан өтіп жатыр. Неміс құқықтанушылары мен саясаттанушыларының белгілеу бойынша, биліктің бөліну теориясының маңызы «билікті құқықпен шектеп индивидтің бостандығын қамтамасыз етуде» [8; 227]. Басқаша айтқанда, биліктің бөлінуі құқықпен тығыз байланыста қарастырылады, ал теорияның өзі мемлекеттен бұрын азаматтық қоғамның мүддесін жоғары қоятындығын білдіреді. Осыған орай, тұлғаның құқығы мен бостандығын екі жолмен қорғауға болады: функционалды және жанама. Егер біріншісі азаматтардың мүддесін қорғау жолында ұйымдастырушылық-бақылау шарасын қолданып, сонымен ол биліктің горизонталды түрде бөлінгенін білдірсе, екіншісі биліктің вертикалды түрде бөлінгенін білдіре отырып, мемлекеттік билікті монополизациядан сақтап, орталықтан алу шарасын қолданады.

Қазіргі кезеңде биліктің жіктелуі екі тұрғыда түсіндіріледі:

- заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының қатынасы;
- орталық пен жергілікті органдардың қатынасы [9; 22].

Біртұтас мемлекеттік билікті тармақтарға жіктеу теориясының өмір сүру қабілеттілігі оның заңдық маңыздарға ие позитивті элементтерінің болуымен анықталады. Осыған байланысты билікті жіктеу доктринасын бағалау және талдау көзқарастары жағынан күрделі тарихи сипаттағы екі тұсын ажыратады:

1. Мемлекеттік билікті жүзеге асыру және ұйымдастыру идеясының негізі біртұтас органдар жүйесі ретіндегі мемлекет механизмі шегінде еңбек бөлінуден бастау алады. Бұл органдар жүйесі белгілі бір дәрежеде анықталған, заңды түрде ұйымдасқан, өзара қызметтері шектелген, заңдық дербестігі қамтамасыз етілген, бір орган екіншісінің есебінен заңсыз көтерілуге тиым салынған құрылым.

2. Билік жіктеу қай заманда болмасын деспотизмді жоюдың қажетті шарты ретінде және билікті теріс пайдалануға тиым салатын, қоғамдақ тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз ететін, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына кепіл болатын плюралистік, яғни саяси күштердің, топтың, жеке мүдделерді теңестіретін негізгі құрал ретінде қолданылатын жүйе.

«Мемлекеттілік» феномені әлеуметтік ұйымдастырылу инфрақұрылымында біртұтас саяси-құқықтық механизм ретінде көрінуге тиісті. Мемлекет және мемлекеттілік белгілері толық көлемде мемлекетті құратын оның ішкі мәселелері мен қоғам ісін шешуді ұйымдастырудың біркелкі және тұтас механизмі болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Яғни, билік мемлекеттің негізгі белгісі ретінде біркелкі және тұтас болуы керек. Билікті жіктеу мемлекеттіліктің осы қасиетін әр түрлі әдіс, тәсілдермен жүзеге асыруды білдіреді. Сондықтан да, билікті тармақтарға жіктеуде мемлекет әрекетінің пәндік аймақтары мен оның міндеті мен қызметін жүзеге асыру әдістері өлшемі есепке алынады.

Мемлекеттіліктің бірлігі мен тұтастығы қай билік тармағы маңызды, қайсысы барынша басым деген сұрақ қоюға рұқсат бермейді. Олардың ешқайсысы да өзге екеуінсіз өмір сүре алмайды. Осы мағынада атқару билігі қызметін заң шығарушыға беру немесе керісінше әрекеттер жасау қате пікір. Мемлекеттіліктің тұрақтандырушы ықпалы, оның қоғамдағы жасампаз ролі барлық құрылымдардағы мемлекет аппаратының өзін-өзі ұйымдастырушының жоғары деңгейіне жеткенде, бұл құрылымдардың горизонталды да, вертикалды да өзара әрекеттестікте болғанында жүзеге асады.

Мемлекеттің бірлігі мен тұтастығын конституциялық бекіту, оны жүзеге асырудың заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарының әрекет ету аймақтарының анықталғандығы саяси және мемлекеттік жүйені реформалауды барынша алға бастырғандығы белгілі.

Біртұтас мемлекеттік билікті дербес тармақтарға жіктеу қазіргі кезеңдегі өркениетті мемлекеттердің құқықтық ұйымдасуының кепілі. Оның мемлекеттік биліктің мәні туралы ілімдерге, биліктің ұйымдасу нысанына, мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесу механизміне, саяси жүйеге, егемендікке тигізетін ықпалы мол.

Қоғам құрылымына қандай да болмасын өзгеріс енгізу тарихи дәстүрлер мен мәдениетке негізделуі қажет, сондықтан да біздің жағдайға билікті жіктеу қағидасының оңтайлы үйлесуі

еліміздің саяси ойшылдарының тапқырлығы мен халықтың саяси санасының дамуына тікелей байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Платон. Государство. Законы. Политика. – М.: Мысль, 1998. - 798 с.
2. Таранов А.А. Парламент и законодательная власть Казахстана: Монография. - Алматы.: Жеті жарғы, 1995. - 160 с.
3. Локк Д. Избранные философ. произведения в 2-х т.,Т.1. – М.: Издательство социально-экономической литературы, 1960. – 532 с.
4. Монтескье Ш. Избранные произведения. - М.: Госполитиздат, 1955. - 803 с.
5. Кант И. К вечному миру. Сочинения в 6-ти томах. Т.6.М.:Мысль, 1966. – 302 с.
6. Гегель Г.В.Ф. Философия права. М.: Мысль, 1990. - 524 с.
7. Айхенберг К. Правовое государство. М.:Наука,1980 – 350 с.
8. Государственное право Германии. Сокращенный перевод немецкого семитомного издания. Т. 2 / Отв. ред.: Топорнин Б.Н. - М.: Изд-во ИГиП РАН, 1994. - 320 с.
9. Нукенов А.Н. Биліктің бөліну теориясы:қазақстандық тәжірибе мәселелері // Саясат. - 2001. - №6. – Б. 22-23.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ ЖАНҒЫРТУ

*Ғалы Ж.О., заң ғылымдарының министрі, аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы
Қарғанды мемлекеттік университеті*

Қанаят А.Н., I курс студенті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарғанды мемлекеттік университеті

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталған жолдауында Қазақстанның мемлекеттілігін нығайту жолындағы стратегиялық маңызды мәселелерді айқындап, қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге, жаңғыртуға бағытталған бес негізгі басымдылықты белгілеп берді.

Президенттің жолдауында белгіленген бес негізгі басымдылық еліміздің дамуының барлық салаларын қамтиды, соның ішінде заңның үстемдігін қамтамасыз етуге арналған. Бұл құжатта маңыздылығы жөнінен айрықша көтерілген мәселе сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты. Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке орай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Жемқорлық ұғымы заманауи құқықтық сөздік қолданысында кеңінен қолданылады және терең тарихи тамыры бар. Жемқорлықтың қарапайым түсінігі - лауазымды тұлғалар, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің өз қызметтерінде сараңдық мен сатқындық танытуы. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер участкесін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де орын алуда. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан бұрынғы Кеңестер одағы кеңістігінде алғаш рет «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң